

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің
Ғылым, жоғары білім және тіл саясаты мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
№ 1039 кабинет

№ 1

2025 жылғы 2 желтоқсан
сағат 16:00

Қатысты: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкілдері және Қоғамдық кеңестің мүшелері *(тізім бойынша)*.

Күн тәртібі:

1. Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау жөніндегі конкурстың қорытындысы *(Әбілов Арслан Зияшұлы – жұмыс тобының басшысы)*.
2. Қоғамдық кеңес туралы ережені бекіту *(Қоғамдық кеңес мүшелері)*.
3. Қоғамдық кеңестің төрағасын сайлау, Қоғамдық кеңестің комитеттерін құру және олардың төрағаларын сайлау *(Қоғамдық кеңес мүшелері)*.
4. Қоғамдық кеңес төралқасының құрамын сайлау *(Қоғамдық кеңес мүшелері)*.

Шешім:

Бірінші мәселе бойынша:

1. Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы басшысының ақпараты назарға алынсын.
2. Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі конкурс «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 28 наурыздағы № 112-НҚ бұйрығымен *(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33048 болып тіркелген)* бекітілен Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережеге сәйкес өткізілгенін атап өтсін.

Екінші мәселе бойынша:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым, жоғары білім және тіл саясаты мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңесінің ережесі қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстары ескеріне отырып бекітілсін.

Үшінші мәселе бойынша:

1. Ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауысымен жоғары кәсіби біліктілігі және педагогикалық, басқарушылық, мемлекеттік, қоғамдық және сараптамалық-талдамалық қызметті қамтитын көп салалы тәжірибесі бар Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым, жоғары білім және тіл саясаты мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы болып сайлансын.

2. Қоғамдық кеңестің міндеттері мен функцияларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің салалық ерекшеліктерін ескере отырып, комитеттер құрылсын және төрағаларын сайлансын:

1) Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комитеті – төраға Ырсалиев Серік Әзтайұлы;

2) Ғылым, инновациялық қызмет және жасанды интеллект мәселелері жөніндегі комитеті – төраға Айболдинов Еламан Канатұлы;

3) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мәселелері жөніндегі комитеті – төраға Қалабаев Найман Бөбейұлы;

4) Тіл саясаты мәселелері жөніндегі комитеті – төраға Мыса Мақпал Маззаққызы.

Төртінші мәселе бойынша:

1. Қоғамдық кеңестің төралқасы мынадай құрамда сайлансын:

Қоғамдық кеңестің төрағасы;

Қоғамдық кеңес комитеттерінің төрағалары;

Мемлекеттік органның уәкілетті өкілі – Ғылым және жоғары білім вице-министрі Көбенова Гүлзат Избасарқызы;

Қоғамдық кеңестің мүшелері Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы және Түркістанова Ләззат Мақсұтқызы.

2. Комитет төрағаларына және Қоғамдық кеңестің мүшелері екі апта мерзімде (ағымдағы жылғы 9 желтоқсанға дейін) Қоғамдық кеңестің Төралқаға 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын қалыптастыру үшін ұсыныстар енгізсін.

Төраға



Б.Б. Мамраев